

Қазақ даласының ұлы перзенті

**Биыл, 2024 жылы геолог-
ғалым, минерология
ғылымдарының докторы,
профессор, академик Қаныш
Имантайұлы Сәтбаевтың
туғанына 125 жыл толып
отыр.**

Ол - 12 сәуір 1899 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданында Имантай бидің отбасында дүниеге келген. Шын есімі -Ғабдулған. Ол қазақтан шыққан тұңғыш академик. Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті. Саяттың ауыл молдасынан ашқан болашақ ғалым екі сыныпты орыс - қазақ училищесіне оқуға түсіп, оқуды мерзімінен бір жыл бұрын бітіріп шығады.

Қаныш Имантайұлын тереңірек зерттей келе ол кісінің өмір жолы, білім жолы, шығармашылығы, таланттылығы мені таң қалдырды. Ол Алаш қалашығында ашылған, ауылдық қазақ мектебінде мұғалім болудан еңбек жолын бастаған. Ең қызығы, оқу ісінің менгерушісі Павлодарда және Семейде өзімен сыныптас болған - Жүсіпбек Аймауытов екен. Ол Томск университетіне математика факультетіне оқуға түседі. 1919 жылы қатты науқастанып, ауруханаға жатады. 1947 жылы — Англияға сапар жасаған кеңес парламентарийінің ішіндегі қазақ ғалымына Ұлыбританияның экс премьер-министрі У.Черчилль «Барлық қазақтар сіз сияқты сұңғақ, батыр тұлғалы ма?» деп сұрапты. Сонда академик Қ.Сәтбаев «О, жоқ, Черчилль мырза, қазақтардың ішіндегі ең кішісі мен, менің халқым менен де биік» деп жауап беріпті.

Қаныш Имантайұлының геологиядан басқа ғылымдарда, тарих, мәдениет саласында қалдырған ең-



бектері мол. «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» еңбегін жазған. Онда Ұлытау өнірі ежелгі металлургия орталығы болуымен қатар қазақ этносының саяси орталығы екендігі толық дәлелденген. Қазақ орта мектебінің төмөнгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «алгебра» окулығын дайындаған. 1931 жылы басылған А.Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлери» жинағына Сәтбаев қазақ халқының музыкалық мұрасының інжү-маржаны болып есептелетін 25 әнді өзі орындалап, орыс тілінде ғылыми түсініктеме беріп енгізген.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев - 31 қаңтар 1964 жылы дүниеден озды... Әмб қаржыларынан жазып отырған себебім, мектеп оқушылары қазақтың көрнекті геологы, қоғам қайраткері Қаныш Сатбаев туралы тереңірек білгендерін қалаймын. Өскелең үрпақ өзіміздің қазақтан шыққан ғалымдарды жақынырақ тани түссе, патриоттық сезімдері мен қатар ғылымға деген құлшыныстары арта түсері сөзсіз.

**Нұрбібі САЙЛАУБЕК,
Ш.Үәлиханов атындағы
№1 жалпы білім
беретін мектебінің
10 «А» сынып оқушысы**